

**"Этил спирті мен алкоголь өнімі (сырадан басқа) импорты көлемін (квотасын) орналастыруға конкурстар өткізудің тәртібі мен шарттарын бекіту туралы"**  
**Алкоголь өнімін өндіру және оның айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі Комитет төрағасының 1998 жылғы 4 маусымдағы N 4 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Бұйрық Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Кіріс министрлігі Алкоголь өнімін өндіру және оның айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитет 1999 жылғы 26 тамыз N 215. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 2 тамыздағы бұйрығымен.

Этил спирті мен алкоголь өнімдері айналымына мемлекеттік бақылауды күшейту мақсатында, этил спирті мен алкоголь өнімі (сырадан басқа) импорты көлемін (квотасын) орналастыруға конкурстар өткізуді ұйымдастыру және ары қарай тәртібін жетілдіру мен этил спирті мен алкоголь өнімі импортшыларының ынтасын қорғау мақсатында бұйырамын:

1. "Этил спирті мен алкоголь өнімі (сырадан басқа) импорты көлемін (квотасын) орналастыруға конкурстар өткізудің тәртібі мен шарттарын бекіту туралы" Алкоголь өнімін өндіру және оның айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі Комитет төрағасының 1998 жылғы 4 маусымдағы N 4 V980531\_ бұйрығына келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, этил спирті мен алкоголь өнімі (сырадан басқа) импорты көлемін (квотасын) орналастыруға конкурстар өткізудің тәртібі мен ш а р т т а р ы н а :

1) 14 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"Этил спирті мен алкоголь өнімінің (сырадан басқа) импорты көлемін (квотасын) конкурс бойынша орналастыру комиссиясы Комитеттің қарауымен өткізіледі, бірақ, тоқсандықта бір реттен кем емес.";

2) 20 тармақтың 3 тармақшасындағы "тоқсандық" сөзі "бөлінген" сөзімен а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап қолданысқа енеді.

Төраға

